



МҰРДАВ- ҚАЗАЛЫ

№69
(2240)
Сәрсенбі
14 тамыз
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

Елімізде тамыз айының екінші жексенбісі құрыш қолды құрылысшылардың кәсіби мерекесі ретінде аталып өтіледі.

Қазалыда мерекеге орай салтанатты шара өтіп, қазалылық құрылысшылар құрметке бөленді.

Әйтеке би кентіндегі «Grand hall» мейрамханасында өткен мерекелік шараға аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет қатысып, мәртебелі мамандық иелерін мерекемен құттықтады. Сондай-ақ жауапты міндет жүктелген мамандықты меңгеріп, Қазыналы Қазалы жерінің көркеюі жолында аянбай еңбек етіп жүрген бірқатар құрылысшыларға облыс және аудан әкімінің, құрылыс,



сәулет және қала құрылысы басқармасының «Алғыс хатын» табыстады.

Салтанатты шарада аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекбанов, «Рза» АҚ президенті Самұрат Имандосов, ҚР құрметті құрылысшысы Әбдрасулла Жұбанбаев және тағы басқа бірқатар азаматтар құрылысшыларды мерекемен құттықтап, лебіздерін жеткізді.

Мерекеге арнайы шақырылған сала ардагерлеріне аудан әкімінің арнайы сый-сияпаттары тапсырылды. Сондай-ақ құрылысшылар мен сала ардагерлерінің құрметіне Р.Бағланова атындағы мәдениет орталығының өнерпаздары әсем әннен шашу шашып, көтеріңкі көңіл күй сый-

АУДАН ӘКІМІ ЖАНЫНДАҒЫ ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен аудан әкімі жанындағы жастар ісі жөніндегі кеңестің отырысы өтті.

12 тамыз – Халықаралық жастар күнімен тұспа-тұс келген жиында аудан басшысы Мейрамбек Шермағанбет жастарды мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Жиында аудан жастарының саясатына қатысты 3 мәселе қаралды. Алымен аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Нұрбек Ақпанбетов жастармен бірлесе атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндама жасады. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Совет Бабанаев NEET санатындағы жастардың жұмыссыздық деңгейін төмендету мақсатында



атқарылып жұмыстар жайлы әңгімеледі.

Ауданда 7 ай көлемінде құқықбұзушылықтың алдын алуда атқарылған жұмыстар туралы аудандық полиция бөлімінің басшысы Асылбай Аңсатов хабарлама жасады.

Жиында аудан басшысы кеңесте қаралған мәселелер жөнінде аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Нұрбек Ақпанбетовке, аудандық полиция бөлімінің бастығы Асылбай Аңсатовқа және аудандық жұмыспен қамту және

әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Совет Бабанаевқа тапсырмалар жүктеп, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстарға қатаң бақылау жүргізуді тапсырды.

Сонымен қатар, аудан басшысы білім ордаларының осы мәселе бойынша істелініп жатқан жұмысына да тоқталып өтті.

Айта кетейік, жиынға 19 ауылдық округтердің әкімдері онлайн түрде қатысып, ауылдардағы жүргізіліп жатқан жұмыстарды баяндады.

Ұлпан ІБРАШ,

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА СЕНБІЛІК ӨТТІ

Қазалыда «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында кезекті сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды. Тазалық жұмыстарына мекемелер мен кәсіпорындарының қызметкерлері, аудан тұрғындары, тіпті кішкентай балақайларда атсалысты.

Тазалық акциясы аясында аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Қоқысты балмұздаққа айырбаста» шарасы өтіп, кішкентай балақайлар өз аулаларынан шашылған қоқыстарды әкеліп, балмұздаққа айырбастады.

Аудан көлемінде өткен сенбілік жұмыстары кезінде орталық көшелер мен саябақтар, арықтар тазаланды. Одан бөлек мекемелер мен кәсіпорындарының қоршаулары сырланып, көше бойындағы арам шөптер оталып, қоқыс қалдықтары арнайы орындарға шығарылды.

Аудан орталығында өткен сенбілік жұмыстарын аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет аралап көріп, тиісті мекемелер басшыларына тазалық жұмыстарына байланысты бірқатар тапсырмалар берді.

Сенбілік жұмыстарына аудан орталығынан бөлек барлық ауылдық округтердің тұрғындары да қатысып, белсенділік танытты.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ҚОРЫМ АУЛАСЫН ЖАСЫЛ ЖЕЛЕККЕ БӨЛЕГЕН ЖАН



Әйтеке би кентінің орталығындағы Қ.Сәтбаев көшесі мен Ә.Тыныбаев көшесінің қиылысында аумағы үлкен ескі қорым бар. Тұсынан өткенде өлілер рухына бетімізді сипап дұға жасап өтетінбіз. Ол қорым бір жылдары қаңылтырмен қоршалып, есік, дарбазасы салынып, іші қоқыстан тазартылып, тұрғындар мен кент әкімшілігінің қамқорлығына алынғанды.

Өткен жылдан бастап Қ.Сәтбаев көшесінің байырғы тұрғыны, зейнеткер Қарсақ Әкімұлы есімді азамат аталмыш өлілер мекенінің Ә.Тыныбаев

көшесі жағындағы қапталын аудан және кент әкімшілігіне өтініш айтып, олардың рұхсаттарын алып темір тормен қоршап, кіріп шығатын есік салды.

Он бес тонналық Камаз автокөлігімен сегіз рет қи, он төрт рет саз топырақ түсіріп тегістеп, арықтар қазып, бірнеше ағаштар мен гүлдердің түрлерін әкеліп екті. Көпшілік бұл жерде су құбыры немесе су жүретін арық жоқ бұларды екенімен қалай суғарады деп ойлағандарыда рас.

Ал, бастаған ісін аяғына дейін жеткізбей қоймайтын алпыс сегіз жастағы қария сол маңда тұратын Нұрбаев Рауан есімді жігіт екеуі Әйтеке би көшесі бойындағы су жүретін арықтан ұзын трубаны жерге көміп сол арқылы қорымға дейін суды әкелді.

Қоршаудың қапталдарына «Жасыл желек- жанға сая», тағы басқа да өзгелерге ой саларлық жазулар жазып қойды. Рауан да Қарсақ ағасымен бірге күн, түн демей тер төкті. Екеуінің екен талдары мен гүлдері

сол жермен жүргендер сүйсінерліктей құлпырып өсіп тұр. Көпшілік көздің жауын алатын гүлдермен сәмбі талдарға қарап ерінбей еңбек етіп өсіргендердің еңбекқорлығына алғыстарын білдіруде. Қарсақ та Рауан да «Жанқожа батыр» мешітінің тұрақты намазқандары, тақуа жандар.

Қарсақ бауырымыз төрт баланың әкесі, екі немере, келінінің атасы. Қарсақ сыртта жеміс-жидек гүлдермен ағаш түрлерін мәпелеп өсіріп жүрсе, әйелі Анар Кеңесбайқызы ұрпақтарына тәлімді тәрбиесін беріп, отбасының ажарын келтіріп отырған ана. Сауапты амалдарды істеп жүрген Қарсақ Әкімұлы бауырымыз осы кенттің тумасы. ПМК-86 мекемесінде бірнеше жыл және теміржолға қарасты қалпына келтіру поезында 25 жыл еңбек етіп зейнеткерлікке шыққан, әлі де жүрісі ширақ, денесі шымыр жан.

Қарсақтың өз ауласында неше түрлі өсімдіктер көктеп тұрғандарын бара қалсаң көріп сүйсінесің. «Жанқожа батыр» мешітінің ауласының көгеріп гүлденуіне де Қарсақтың еңбегі ерек-

ше екенінің куәсіміз. Бес уақыт намазымен қоса осыншама жұмыстарды игерудегі жетпіске жасы таяу қарияның еңбекқорлығына, тақуалығына қызығасың, риза боласың! Арасында Умра қажылығында өтеп үлгірді. «Таза Қазақстан» тазалық акциясына үлес қосқан адам осы Қарсақ пен Рауандай бо-

лар. Бұл азаматтар еңбектері үшін ешкімнен ештеңе дәмеппейді, еңбектерін міндетсінбейтіндер. Сонда да болса әкімшілік тарапынан еңбектері еленіп, бағаланып, марапатталса тіпті жақсы болар еді деген ойдамыз.

Қарсақ пен Рауанның жасаған ізгі амалдары көше мен өлілер мекенінің көркін келтіріп тұр.

Бұрындары құлазып тұрған қорымды көріп тұсынан өтетін болсақ, ал қазір көздің жауын алатын шағын бақтың қапталынан өтесің.

Тірілерге де өлілерге де үлкен құрмет екені көзге көрініп ақ тұр. Әр азамат осылайша туған жерін гүлдендіруге үлес қосса, көнекей.

Беганыш ЖАҚСЫБАЙ,
Әйтеке би кенті

ШАХМАТ ЖАТТЫҚТЫРУШЫСЫ МЕРУЕРТ БОЛАТҚЫЗЫ



Қазалылық Рахманберді Меруерт Болатқызы шахмат ойынымен 4 жасынан бастап айналысқан. Бала кезінде

әкесі Болаттың үйретуімен ойынын ары қарай дамытып шахматқа қызығушылығы артты. Ауданның бірнеше дүркін чемпионы, облыстық жарыстарда да жетістіктері бар, республикалық жарыстардың қатысушысы. Қазіргі уақытта халықаралық шахмат мектебі *ABChess*-те жұмыс істейді.

Меруерттің оқушылары Жолдас Зейін ABChess олимпиадасында жүлделі орындарға ие болды. Шымкент, Түркістан, Арыс қалалары оқушылары арасында өткен турнирде 1-ші орын иеленді. 4 -ші разрядты спортшы.

Сондай-ақ, шәкірттері: Ерланұлы Нурали, Батырбек Жансая 4 разряд нормасын орындады.

Бейсембек Тамерлан, Жанат Мадина, Қылшабай Амирхан, Қадыр Сабыр 3 разряд нормасын орындады.

Меруерттің қазір Қазақстаннан бөлек Араб әмірлігі, Жапония, тағы басқа елдерде шәкірттері бар.

Меруерт Болатқызы қазіргі таңда С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университетінде білім алады.

Меруерт жайында тәлімгері: -Меруерт мінсіз жаттықтырушы мен қызметкердің үлгісі. Ісіне өте жауапты. Ол әріптестері мен оқушыларының пікірлерін тыңдап ескереді. Оның топта жұмыс істеу, білімімен бөлісу және басқалардың идеяларын қабылдау қабілеті нәтижеге

жетуінің бірден бір себепшісі. Меруерт әрқашан нұсқауларды дәл орындайды, бұл оған жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Оның команда ішінде тәртіпті сақтап, дамуға ұмтылу қасиеттері оны үлгі етеді. Меруерттің жұмысқа деген көзқарасы және командамен өзара байланысы, балалармен өткізген сабақтарының әрқайсысы нәтижелі өтетіні бізді қуантады.

-Мені шахмат ойынына баулыған ата-анам Сабырбаев Болатпен Қожабай Тамараға, Шүренов Әбдірейім мен Шүлембаев Әди ағайларыма алғысымды білдіремін,-дейді шахмат жаттықтырушысы Меруерт Рахманберді.

Әбдірейім ШҮРЕНОВ

ДАЛА АЛҚАПТАРЫНДАҒЫ ШАБЫНДЫҚ ШӨПТЕРДІ ӨРТТЕН АМАН САҚТАЙЫҚ!

Міне көп кешікпей шөп жинау науқаны да басталады. Дала алқабында өсіп тұрған шабындық шөптер қысқы мал азығына пайдаланылады. Сондықтан далада мал бағып жүргенде, автокөлікпен кетіп бара жатқанда темекі тұқылын сөндірмей далаға тастамаңыздар. Өйткені сөнбей қалған бір темекі тұқылының шоғы далалық алқапта өсіп тұрған шабындық шөптерге қауіп төндіретінін естен шығармайық, ағайын!

Өздеріңіз білетіндей дала алқаптарындағы шөптердің жануы көбінесе найзағайдың түсуінен және адамдардың абайсыздығынан болады. Қазалы ауданының төтенше жағдайлар бөлімі мекемесінің атынан сұрайтынымыз дала алқаптарындағы өсіп тұрған шабындық шөптерімізді өрттен сақтайық. Шөпті мол жинасақ малымызда тоқ болады. Қазіргі таңда аудан тұрғындары төрт түлік малды

көбейтуге талаптанып жатыр. Аудан тұрғындарының малдарына жазда, қыста жейтін мал азығы керек. Сол себепті дала алқаптарындағы шабындық шөптерімізді өрттен аман сақтауымыз керек. Өрт сөндіру бөлімінің телефоны 101 немесе 112.

Қазалы ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің сенім телефоны 8 /72438/-22151.

Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар
бөлімі

Хабарландыру

2024 жылдың 23 тамыз күні сағат 16:00-де аудандық мәслихаттың кезекті XXVI сессиясы шақырылады. Сессияның күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралады.

1.Қазалы ауданы әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттерін орындауы жөніндегі есебі;

2.Аудандық мәслихаттың «Өндіріс салалары, ауыл шаруашылығы, экология, табиғат ресурстарын пайдалану» жөніндегі тұрақты комиссияның есебі;

3. Ағымдағы мәселелер. Сонымен бірге, сағат 15:00-де аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі.

Қазалы аудандық
мәслихатының аппараты

ШАҢЫРАҚТЫҢ БЕРЕКЕСІ МЕН БІРЛІГІН ҰЙЫТҚАН

Бір шаңырақ астында өмір сүріп, күміс, алтын, гауһар тойға қол ұстасып жеткен жанда арман болмас, сірә?! Алпыс алтыншы көктемді артқа тастап, бала-шағасы мен немерелерінің ортасында бақытқа кенеліп, елдің амандығын тілеп отыру екінің бірінің маңдайына бұйыра бермейтіні бақыт.

Отау құрғандарына 66 жыл толған Байқадамовтар әулетінің алтын діңгегі 92 жастағы Жүрсінәли ата мен алтын құрсақты ана Рахима әже.

Еңбек және тыл ардагері Байқадамов Жүрсінәли 1933 жылы Арал ауданына қарасты «Ұялы» елді мекенінде теңізші Тәжібаев Байқадамның шаңырағында дүниеге келген.

Жеті жылдық мектепті бітірісімен ағаларының жанында жүріп, көп жылдар бойы теңізде қайық жүргізіп, жасынан еңбекке ерте араласқан.

1958 жылы Қожаназарова Рахимамен отау құрған. Екеуі еңбек ете жүріп, өмірге 10 перзент әкелген. Құлмырзақызы Рахима 1940 жылы бұрынғы



«Қызыл Ту» колхозында дүниеге келген. Ауылдың балабақшасында аспазшы және балық заводында балық қабылдаушы болып жұмыс істеген.

1960 жылы отбасы Қазалы

қаласына қоныс аударып, Жүрсінәли «Ремстрой» мекемесінде, кейін аудандық ауруханада көлік жүргізуші болған. Алтын құрсақты ана екі дүркін «Алтын алқа» иегері атанды.

Бүгінде өмірге әкелген перзенттері бір-бір шаңырақ иесі, түрлі салада жемісті еңбек етеді.

Жүрсінәли мен Рахиманың 9 перзентінен 35 немере, 45 шөбере өсіп-өнген. «Ұлың өссе, ұлы жақсымен, қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас, көршілес бол» демекші, 9 рулы елмен құдандалы болып, өрісін кеңейткен жандар.

Балалары әулеттің діңгегіне айналған қариялардың осыған дейін 65 жылдық мерейтойларын жасап қуантты.

Қариялар өткен күндеріне салауат айтып, бала-шағасының амандығын тілеп, Жаратқаннан күндіз-түні тілеу тілеуден шаршаған емес. Бірін-бірі жетектеп, шақырған жерге барып, сыйлы қонақ ретінде төрден орын алып, ізін жалғайтындарға ақылын айтып отырады. Шаңырақтың берекесі мен бірлігін ұйытып отырған осындай әке-шешесі бар балалар бақытты.

Жанар ҚАЙНАЗАРОВА ,
Қазалы ауданының
қоғамдық даму
бөлімінің әдіскері

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА – ЖОЛ ЖОҚ!

Қазіргі таңда қоғам алдындағы өзекті мәселелердің бірі - сыбайлас жемқорлық. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын.

Мемлекеттің дамуына әділетсіздік танытқандарды ата-балаларымыз да қатты сынаған. Олардың әділдік пен туралықты ту еткендігіне Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің және басқа да би - шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп - өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің

жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Алайда, халық парақорлық дертімен жиі кездеседі. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Қоғамдағы көкейкесті мәселе болып, өзекжарды проблемаға айналып отырған сыбайлас жемқорлық - ел ішіне білінбей кірген індет, жау. Ал біздің осы жауға қарсы қолданар қаруымыз - қоғам. «Қоғам - өмірдің айнасы» дейміз. Айналамыз таза болса, өзіміздің әсемдігіміз еріксіз байқалады. Сондықтан да қоғам қарсы болса, жай емес, түгел қарсы болғанда ғана бұл індетті жоймақпыз. Бұл індетті жою бәріміздің міндетіміз. Жемқорлық қоғамға ғана залалын тигізіп қоймайды. Сіздің өміріңізді құрдымға жіберер кесапат. Тіпті,

оның өзі үлкен бір сала болып алғандай. Сала дейміз-ау, ішінара тармақтарға да бөлініп кеткен. Білім саласындағы жемқорлық, құқық саласындағы жемқорлық, тағысынтағы. Ақпарат тасқынында судай бұрқырап аққан бұл кесапатқа жоламауды, оны жолатпауды көздейік. Кінәлі адамдардың қылмысын әшкере ету де жемқорлықтың алдын алу болып табылады. Баспасөзден жемқорлық жайлы фактілерді оқи отырып, түбегейлі танысып көргеніміз артық болмаса, кемдік етпейді. Өркениетті дамытқысы келетін, ортақсыз құрметтейтін әр азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі. Ол әр азаматтың басты парызы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жұрт болып жұмыла қарсы тұру, оны насихаттау ісі де ұшан-теңіз септігін тигізеді. Әлбетте, бірлесіп жа-

салатын бұл қылмысқа тосқауыл болуымыз керек. Өркениетті алға жетелейтін бағытты ұстанып, артқа тартатын шырмаудан түрлі бөлек - кесапаттан сақтанып, жаман дертті балаққа шығармайтындай халде болашаққа нық сеніммен қадам басайық.

Сыбайлас жемқорлықпен күресті әрбір адам өзінен бастауы тиіс. Ол қандай қызмет саласында отырса да, сол қызметінде «Мен еліме не беремін, осы қоғамның, мемлекеттің дамуы үшін қандай үлес қосамын», - дейтін болса, өз жұмысына, айналасына әділ қарап, таза жұмыс істегенде ғана осы кеселді толық жеңе аламыз деп ойлаймын.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дертті тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа қарсы тұруға болады.

Берекет
СӘРСЕНБАЕВ,
«Шәкен» ауылдық
округінің әкімі

●Хабарландыру

«Тұран - Қазалы» ЖШС-і осы жылғы 15 қыркүйекте өтетін Қазалы ауданы, «Алға» және «Тасарық» ауылдық округтері әкімдерінің сайлауына орай үгіт-насихат материалдарын аймақтық «Тұран - Қазалы» газетіне орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады.

«Тұран - Қазалы» газеті 2003 жылдың 5 қаңтарынан бастап шығып келеді.

Шығарылымы аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері.

Таралымы -11107 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны -120 теңге.

Үгіт – насихат материалдары 2024 жылдың 25 тамыз күні сағат 18-00-ден басталып, 2024 жылдың 13 қыркүйек аралығында жарияланады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, 14 үй

Байланыс телефондары: 8(72438) 21-749, 8(72438) 26-0-94

Е. m a i l : tooturankazaly@mail.ru

ТУБЕРКУЛЕЗ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛАЙЫҚ!

Туберкулез - бұл өкпе және лимфа түйіндерде ерекше қабыну өзгерістерінің пайда болуымен сипатталатын жұқпалы ауру. Туберкулез - бұл тек өкпе ауруы ғана емес, сонымен қатар адамның барлық ағзаларының - сүйектердің, бүйректердің, мидың және ми қабықтарының, терінің, көздің және басқа ағзалардың да зақымдануы. Алайда қазіргі таңда өкпе туберкулезі жиі кездеседі.

Туберкулез қалай тарайды? Туберкулез адамнан адамға ауамен таралады. Жөтелгенде, түшкіргенде өкпе туберкулезі бар адамдар ауаға туберкулез бактерияларын жаяды. Жұқтыру үшін адамға осындай бактериялардың аз ғана мөлшерін демалуы жеткілікті. Туберкулез қоздырғышының сыртқы ортада ұзақ уақыт сақталу қабілеті бар, мысалы, микобактериялар тозаңданған, көгерген үй-жайларда адам үшін қауіпті болып қала отырып, жылдар бойы өмір сүруге қабілетті. Науқас адам жөтелгенде қақырықпен бірге, түшкіру, сөйлеген кезде қоршаған ортаға 2-6 м радиуста ауада таралатын миллиондаған микобактерияларды бөледі, олар еденге, заттарға шаңмен бірге тұнады және көптеген жылдар бойы өміршен болып қалуы мүмкін.

Туберкулез ауруына тек адамдар ғана емес, сонымен қатар малдар да шалдығады: сиыр, ешкі, бұғы, түйелер. Ауру жануардың сүті, немесе еті адам

үшін жұқтыру көзі болуы мүмкін.

Науқас өмір сүретін жерде санитариялық жағдайлар мен сақтық шараларын сақтау өте маңызды.

Егер өкпе туберкулезімен ауыратын науқас барлық гигиеналық талаптарды сақтаса, он айналадағыларға қауіпсіз. Өкпе туберкулезі тұқым қуаламайды. Туберкулез ауруымен ауыратын ата-аналардың балалары сау болып туады. Алайда, барлық сақтық шараларын сақтамаған жағдайда бала туберкулезді жұқтырып, ауырып қалуы мүмкін.

Туберкулез микобактериялары адам ағзасына түскен кезде ауру жұқтырады, бірақ туберкулез ауруының дамуы әр жағдайда болмайды. Өкпе туберкулезінің ауруы иммунитет төмендеген, жеткіліксіз тамақтану, қанағаттанарлықсыз санитариялық-гигиеналық жағдайларда орын алады. Негізінен иммунитеті нашар жас балалар, жасөспірімдер және иммунитеті төмен қарт адамдар ауырады.

Туберкулез ауруына ықпал ететін факторлар.

1. Толық қанды тамақтанудың болмауы.
2. Туберкулезбен ауыратындар мен тығыз, ұзақ қарым-қатынас жасау (кішкентай балаларға қысқа мерзімді қарым-қатынастың өзі жеткілікті).
3. Маскүнемдік.
4. Темекі шегу.
5. Нашақорлық.

6. Ілеспе аурулардың болуы (диабет, асқазан жарасы, өкпенің созылмалы аурулары). Туберкулез ауруының белгілері?

1. Ұзақтығы екі аптадан асатын жөтел.
2. Шаршау және әлсіздік.
3. Дене салмағының төмендеуі.
4. Температураның ұзақ көтерілуі.
5. Түнде тершендік.
6. Кеуде қуысындағы ауырсыну.
7. Қан түкіру.

Туберкулезді қалай анықтауға болады?

1. Тері туберкулин сынамасы (Манту) адамның жұқтырғанын көрсетеді.
2. Рентгенологиялық тексеру (флюорография) өкпенің зақымданғанын көрсетеді.
3. Қақырықты зерттеу жөтел кезінде бөлінетін микробтардың бар-жоғын анықтайды.

Туберкулездің алдын алу шаралары:

1. Салауатты өмір салты. Бұл мақсатқа жету үшін ең жақсы жолы - күн тәртібін құру және ағзаны шынықтыру.
2. Таза ауада серуендеу, күн және су процедуралары, дене шынықтырумен айналысу, демалыс пен еңбек жүктемесінің дұрыс үйлесімі, толыққанды, дәрумендерге бай тамақтану, жеткілікті және уақтылы ұйқы, яғни дұрыс гигиеналық тәртіп адам ағзасының нығаюына ықпал етеді және оны туберкулез ауруынан қорғайды.

3. Жыл мезгіліне қарамастан таза ауада мүмкіндігінше көбірек болу қажет, өйткені таза ауа ағзаға жақсы әсер етеді және шынығудың тамаша жолы болып табылады.

4. Жеке гигиена ережелерін сақтау: жуу құралдарын және ағынды суды пайдалана отырып, қолды, ыдыстарды жуу, тұрғын үй-жайларды ылғалды жинау және желдету, ет пен сүтті міндетті термалық өңдеу, жеке гигиеналық құралдар мен ыдыстарды пайдалану, су процедуралары — сүртінуге, құю, душ.

5. Жөтел этикетін сақтау
6. Гигиеналық тәртіптің маңызды бөлімі дұрыс тамақтану болып табылады. Адам тәбетінің жоғарылауына ықпал ететін және ағзамен жақсы сіңіретін түрлі тағамдарды жеу керек. Тағам құрамына ақуыздар, майлар мен көмірсулардан басқа, міндетті түрде витаминдер мен минералды тұздар кіруі тиіс. Ақуыздар ет, сүт, сүзбе, жұмыртқада болады; көмірсулар - қант, нан, картоп, жармада. Витаминдер мен минералды тұздар негізінен жаңа піскен көкөністер мен жемістерде болады.

7. Туғанкезде БЦЖ-мен міндетті түрде вакцинациялау

8. Туберкулезді дер кезінде диагностикалау.

Г. ОРАЗ
Қазалы аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазалы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ жұртшылықты, сонымен бірге мүдделі қауымды:

- «Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, «Өркендеу» (Жанкент) елді мекенінің даму және құрылыс салу схемасын түзету (оңайлатылған бас жоспар) бойынша жұмыстар»

- «Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қожабақы елді мекенінің даму және құрылыс салу схемасын түзету (оңайлатылған бас жоспар) бойынша жұмыстар» жобаларының материалдарын қарау бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетіні туралы хабардар етеді.

Тыңдауға қатысқысы келетіндер «Қазалы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ-ге 8(724) 387-92-80 телефоны бойынша алдын ала хабарласуларыңызды сұраймыз.

Қоғамдық тыңдаулар 2024 жылғы 23 тамызда келесі мекен жайларда өтеді:

1) «Өркендеу» ауылының (Жанкент) оңайлатылған бас жоспары жобасы: «Өркендеу» (Жанкент) аулы, Қорқыт ата көшесі, 23, Мәдениет үйі, сағ. 10-00-де.

2) Қожабақы ауылының оңайлатылған бас жоспары жобасы: Қожабақы ауылы, Т. Емешұлы көшесі, 28, Мәдениет үйі, сағ. 15-00-де.

Жобаны әзірлеуші:

«Казахстанский проектно-исследовательский институт «КАЗАХСТАНПРОЕКТ» ЖШС, тел.: 8 (718)251-33-44; e-mail: kazakhstanproject@mail.ru

«Казгипроград» 1 Жобалау институты ЖШС (мердігер), тел.: 8 (727)279-04-57; e-mail: kazgiprograd_1@mail.ru

ОБЪЯВЛЕНИЕ

КГУ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Казалинского района» доводит до общего сведения, включая заинтересованную общественность о предстоящем проведении общественных слушаний по рассмотрению материалов проектов:

- «Корректировка схемы развития и застройки (упрощенный генеральный план) сельского населенного пункта «Оркендеу» (Жанкент), Казалинский район, Кызылординская область»;

- «Корректировка схемы развития и застройки (упрощенный генеральный план) сельского населенного пункта Кожабахы, Казалинский район, Кызылординская область».

Желающих участников слушаний просим заблаговременно обратиться в КГУ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Казалинского района» по телефону: 8 (724) 387-92-80.

Общественные слушания состоятся 23 августа 2024 года, по следующим адресам:

1) Проект упрощенного генерального плана с. «Оркендеу» (Жанкент): село «Оркендеу» (Жанкент), ул. Қорқыт ата 23, в Доме культуры, в 10 часов.

2) Проект упрощенного генерального плана с. Кожабахы: село Кожабахы, ул. Т. Емешұлы 28, в Доме культуры, в 15 часов.

Разработчики проекта:

ТОО Казахстанский проектно-исследовательский институт «КАЗАХСТАНПРОЕКТ», тел: 8 (718)251-33-44; e-mail: kazakhstanproject@mail.ru

ТОО Проектный институт «Казгипроград» 1 (субподряд), тел: 8 (727)279-04-57; e-mail: kazgiprograd_1@mail.ru

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.